

Еңбегі ерен тұлға

30.06.2018



А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде академик Кенжеғали Сағадиевтің 80 жас мерейтойына арналған «Цифрлық экономика – аналитикалық көзқарас» атты халықаралық конференция өтті.

Конференцияға Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов, ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов, Сенат депутаты Оралбай Әбдікәрімов, сондай-ақ шетелдік қонақтар да қатысты. Пікір алмасу кезінде әлем экономикасының даму үрдісі, аймақтағы жағдайды жақсарту, еңбек өнімі және Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілетін арттыруға байланысты мәселелер талқыланды.



Кенжеғали Әбенұлы Елбасының сенімді серіктерінің бірі ретінде тәуелсіз елдің экономикасын құруға атсалысып келеді. Парламент депутаты болып жүргенде бес өңірдің экономикалық-әлеуметтік мәселесін шешуге мұрындық болды. Кенжеғали аға кіндік қаны тамған Қостанай облысына ылғи ат басын бұрып, көптеген істерге араласып жүреді. Туған жеріндегі бірнеше мектептің құрылысына, материалдық-техникалық базасын нығайтуға қатысты. Аманкелді ауданында 3 мектеп, Жанкелдин ауданында 2 мектептің құрылысына септігі тиді. Өзі оқыған Әулікөл мектебіне мультимедиа кабинетін сыйға тартты. Туған жеріндегі жастарға стипендия тағайындап, олардың жоғары білім алуына жағдай жасады, – деп облыс әкімі мерейтой иесінің игі істерін атап өтті.

Академик Кенжеғали Сағадиевтің Кембридж университетінде басылған ағылшын тіліндегі «Қазақстандағы реформалар: аналитикалық көзқарас» атты еңбегінің тұсауы кесілді. Шетелдік сарапшылардың пікірінше, аталмыш кітаптан тәуелсіздіктің алғашқы он жылындағы (1991-2001 жж) бұрынғы КСРО құрамында болған елдердің даму тәжірибесін түсінуге болады. Тұсаукесерден соң сөз алған автор Қазақстанның тығырықтан шыққан амалдарын әңгіме етті.



Ресейден, Австриядан келген ғалымдар цифрландыру, интеграция жөнінде ой бөлісіп, ғылыми мәселелерді талдады.

Конференция арасында академик «Нұрлы таң» аймақтық қоғамдық-саяси газетінің сұрақтарына жауап берді. Бас редактор Жұмагүл Ерғасымова таралымы көбеймей, шығын ақталмағандықтан, басылымның шығарылымы тоқтап тұрғанын айтқан.



– Мемлекеттік тілде таралатын газет біздің қоғамға керек, – деген академик басылымның мазмұнын жақсартуда ғалымдардың еңбегін көбірек жариялауға, өңірден шыққан тұлғаларды танытуға кеңес берді.

<http://timepress.kz/?p=656&lang=kk>